



МТТ

Мемлекеттік тіл - тұғырың

1 2008

783к

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

ТЕРМИНТАНУШЫ ҚҰРАЛЫ

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

ТЕРМИНТАНУШЫ ҚҰРАЛЫ

(сөздік-оқулық)



**“Ер-Дәулет”
Астана-2007**

ББК 81. 2-3

Қ 77

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Құрманбайұлы Ш.

Қ 77 Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық.

– Астана: Ер-Дәулет, 2007. - 208 бет.

ISBN 9965-436-35-5

Әлемнің бірқатар елдерінде терминтану дербес оқу пәні ретінде оқытылса, кейбір елдердің жоғары оқу орындарында арнаулы курстар жүргізіледі. Мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық салаларындағы қолданысын қамтамасыз ету мақсаты қойылғалы бері терминтануды біздегі жоғары оқу орындарында да оқытудың қажеттілігі айрықша артып отыр. Ұсынылып отырған сөздік-оқулық осы қажеттілікті өтеуге арналған алғашқы құралдардың бірі. Сөздік-оқулықта терминтану пәнінің негізгі ұғымдарының анықтамалары беріліп, сала ұғымдары құрылымдық тұрғыдан жүйеге түсірілген. Құралдың екінші бөлімінде терминдердің орысша-қазақша сөздігі берілген.

Сөздік-оқулық жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне, тілшілер мен терминтанушыларға, терминологиялық жұмыстармен айналысатын сала мамандарына, аудармашыларға, терминология мәселелері қызықтыратын көпшілік қауымға арналған. Бұл терминтану ұғымдарының атауларын дербес пән терминдері ретінде жинақтап, олардың көпшілігінің қазақша баламаларын жасап, мағыналарын түсіндіріп, жүйеге түсіріп ұсынылып отырған қазақ тіліндегі алғашқы құрал.

Қ 4602000000
00 (05)-7

ББК 81. 2-3

ISBN 9965-436-35-5

© Құрманбайұлы Ш., 2007

Кіріспе

Кез келген пәнді оқып, ғылымның қай саласын болмасын игеру үшін сол саланың негізгі ұғымдары жөнінде білуге тура келеді. Ал ұғымдар туралы, сол ұғымдардың өзіндік ерекшеліктері мен өзара байланысы туралы олардың атаулары терминдерсіз білу мүмкін емес. Терминтану да сондай өзіндік ұғымдары және соған сәйкес атаулары бар салалардың бірі. Қазір терминтануды пән ретінде оқытудың, терминологияның теориялық, практикалық және ғылыми-әдістемелік мәселелерін жетік білетін мамандар дайындаудың қажеттілігі айрықша сезіліп отыр. Сондықтан да бұл саланың терминдерін жинақтап, оларды жүйелеудің, мағыналарын түсіндірудің, маңызы өте зор. Бізде күні бүгінге дейін бұл саланың ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсетіп бере алатын, негізгі терминдерімен танысуға мүмкіндік туғызатын қазақ тіліндегі оқулық және анықтамалық еңбектер, сөздіктер жарық көрмей келді. Жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттері терминология мәселелерін оқу барысында, ал түрлі салалардың мамандары термин жасау, терминологиялық сөздіктер дайындау мен терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде ондай еңбектерге зәру екендігі анық. Сол себептен де олқылықтың орнын толтыруға, қажеттілікті өтеуге өз үлесімізді қосу мақсатымен осы сөздік-оқулықты ұсынып отырмыз.

Ғылым тілі бірізділікті, нақтылықты талап етеді. Синонимияға, жарыспалылыққа, көпмағыналылық пен үндесімсіздікке, жүйесіздікке жол бермеу үшін терминологиялық жұмыстар үнемі жүргізіліп отырады.

Орыс терминтанушыларының еңбектерінде бір терминнің бірнеше нұсқасы қолданылатын жағдайлар жиі ұшырасады. Біздің ғалымдарымыз кейде осы терминдердің барлық нұсқаларын қабылдап, жарыспалылыққа жол беріп алып жатамыз. Мысалы, бір мамандар терминнің толық нұсқасын сөздіктерге енгізіп немесе еңбектерінде қолданып жатса, екіншілері сол терминнің қысқартылған нұсқасын пайдаланады. Айталық, *«терминологическая система»*, *«терминосистема»* терминдерін бізде де *«терминологиялық жүйе»* және *«терминжүйе»* деп, ал *«терминологическая модель»*, *«терминомодель»* терминдерін *«терминологиялық үлгі»* және *«терминүлгі»*, *«терминологическое поле»*, *«терминполе»* терминдерін – *«терминологиялық өріс»*, *«терминөріс»*, *«терминологический фонд»*, *«терминофонд»* терминдерін

– «терминологиялық қор», «терминқор», түрінде дәлме-дәл аударып, бір ғана терминнің толық нұсқасы мен ықшамдалған түрін қатар қолдану орын алып жүр.

Терминологиялық әдебиеттерді оқу, пайдалану барысында түрлі мектептер өкілдері мен кейбір ғалымдар еңбектерінде ғана кездесетін жеке қолданыстағы терминдер және көптеген синоним терминдер бар. Ондай мағыналас терминдер терминтанушылардың өз арасында да қиындық туғызады. Ал бұл саланы пән ретінде жаңа оқи бастағандар мен аудармашыларды, іс жүргізушілерді, терминді қызмет барысында пайдаланушы өзге де түрлі мамандық иелерін мүлде жаңылыстырады. Осы құралдың соңындағы орысша-қазақша сөздікте ондай терминдердің ұсынылған немесе терминологиялық стандартқа енген қазіргі қолданыстағы нұсқасына сілтеме жасалды. Мысалы, *Фамильный термин – см. Эпонимичный термин, Экономичный термин – см. Компактный термин, Экспликативный термин – см. Термин-описание* т.б.

Сілтеме берудегі мақсатымыз, орыс тілінде қолданылып жүрген синоним терминдерді түгендеу, олардың санын көбейтіп тізім бере-беру емес. Керісінше, орыс тіліндегі әдебиеттерді пайдаланушылардың, білім алушылардың оларды жеке-жеке ұғым атауы ретінде түсініп, шатаспауы үшін, терминшілер мен аудармашы мамандардың сол синонимдердің әрқайсысын аударып, өзгенің кемшіліктерін бізге көшірмеуі үшін қажет.

Осы уақытқа дейін отандық ғалымдар тарапынан жарық көрген үлкенді-кішілі терминологиялық әдебиеттерді, лингвистикалық сөздіктерді алып қарар болсақ, оларда кездесетін терминтану терминдерінің саны шектеулі-ақ. Бұдан терминтану саласындағы өзге елдер ғалымдары сөз етіп жүрген көптеген терминология мәселелерінің бізде әлі де зеттелмей жатқанын, арнайы әңгіме арқауы болмағандығын, ол ұғымдар атауларының ғылыми айналымға түспей жүргенін көруге болады. Біздегі терминологиялық сөздіктер мен әдебиеттердің көпшілігінде *термин, терминология, терминологиялық сөздік, термин жасау, халықаралық термин, байырғы термин, кірме термин, түбір термин, тіркесті термин* сияқты санаулы терминдер ғана қолданылады. Сондықтан бұл құралда осы уақытқа дейінгі қазақ тілінде жарық көрген еңбектердің ешқайсысында кездеспейтін, алайда өзге елдердің терминтанушы ғалымдарының еңбектерінде қолданыс тауып жүрген терминдер көптеп саналады. Олардың қазақша нұсқалары ұсынылып, мағыналары түсіндіріледі. Біздіңше, бұл терминтанушылар мен терминшілер үшін де,

терминтануды пән ретінде оқытып, болашақ мамандарға әр ұғымның мағынасын түсіндіру үшін де өте қажет. Сөздік-оқулыққа енгізілген ондай терминдер терминология мәселелеріне арналған түрлі ғылыми әдебиеттерден, орыс, украин, литва, латыш, эстон елдері мен орыс тіліне аударылған өзге де елдер ғалымдарының еңбектерінен, сондай-ақ ертелі-кеш жарияланған терминологиялық сөздіктерден жинақталды. В.М.Лейчик, В.А.Татаринов, С.В.Гринев, А.В.Суперанская, В.П.Даниленко, К.Я.Авербух, М.Н.Володина, А.А.Реформатский т.б. көптеген терминтанушы ғалымдар еңбектері пайдаланылды. Олардан терминдер мен ұғым мазмұнын білдіретін ғылыми анықтамалар сұрыпталынып алынды.

Сөздік-оқулықта орыс және өзге еуропа халықтары тілдерінде қолданылып жүрген көптеген терминдер алғаш рет қазақ тіліне аударылып беріліп отыр. Терминдердің қазақша баламаларын ұсынуда олардың ұлттық ұғымға сай, тілдік нормаға лайық болу жағы, жаңа терминдер туғызуға мүмкіндігінің болуы сияқты қырлары ескерілді.

Терминтану саласының негізгі терминдерін камтып, жоғары оқу орындарының студенттері мен терминологиялық жұмыстарды жүргізуге қатысы бар мамандарға олардың мағыналарын түсіндіруді мақсат еттік. Біздің назарымыздан тыс қалып кеткен орыс және өзге де шет ғалымдарының еңбектерінде кездесетін терминдердің болуы мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз. Ондай терминдер мен терминтанудың дамуы барысында пайда болған жаңа атауларды алдағы уақытта да жинақтап, осы құралдың келесі басылымына енгізіп, қажетіне қарай оқулық-сөздікті құрылымдық-мазмұндық тұрғыдан да жетілдіріп отыру міндетіміз деп санаймыз.

Бұл құралды дайындау кезінде біз оның барынша қолдануға қолайлы, тұтынушыға жан-жақты мәлімет бере алатындай пайдалы болу жағын олай отырып, бірнеше мақсатты көздедік. Оның біріншісі – құралдың оқулық, оқу құралы қызметін атқаруы. Бұл мақсатқа сәйкес термин, терминология туралы ғылыми ұғымдар жүйеге түсіріліп, іштей жіктеліп, тарауларға, тақырыпшаларға бөлініп берілді. Білім алушының, құралды пайдаланушылардың термин, терминология, терминтану пәні туралы жалпы түсінік қалыптастырып, ауқымды да жүйелі ақпарат алуы көзделді. Сол себептен де терминдердің анықтамасын ғана беріп қоймай, қажет деген жерлерде қосымша түсініктемелер мен мысалдар да берілді. Екіншісі – құралдың терминтану терминдерінің түсіндірме сөздігі қызметін атқаруы. Пәннің ұғымдар жүйесін құрайтын әр ұғымның мағынасы

түсіндіріліп, олардың ғылыми анықтамасы (дефинициясы) берілді.

Үшіншіден – құралдың екі тілді терминологиялық сөздіктің қызметін атқаруы көзделді. Терминдердің мағыналары түсіндірілген бірінші бөлімде берілген негізгі терминдердің қазақшасымен қатар жақша ішінде оның орысша нұсқасы да қатар беріліп отырды. Яғни мұнда оқулық-сөздіктің түсіндірме сөздікпен бірге қазақша-орысша сөздік қызметін атқаруы да көзделген. Төртіншіден – құралдың орысша-қазақша сөздік қызметін де атқаруы мақсат етілді. Сондықтан екінші бөлімде терминтану атауларының орысша-қазақша сөздігі ұсынылды. Бұл сөздікте терминтану терминдері мейлінше молырақ қамтылған.

Жалпы алғанда ұсынылып отырған сөздік-оқулық бір жағынан құрылымдық-мазмұндық тұрғыдан терминтану пәні жөнінде жан-жақты, екінші жағынан қолдануға қолайлы болуы ескеріліп, көлемді сипаттау мен баяндауға құрылмай қысқа да нақты мәлімет беруді көздей отырып жасалған құрал. Құралда терминтану пәнінің мазмұнын тікелей құрайтын ұғымдармен қатар терминология мәселелерін зерттеуге арналған диссертациялар, жарық көрген терминологиялық сөздіктер, әлем елдерінің терминологиялық жұмыстарды жүргізуші органдары мен ғылыми-практикалық орталықтары жөнінде де мәліметтер беріліп отыр. Бұл мәліметтер терминтанушылар мен терминологтар үшін ғана емес, терминологиялық жұмыстарды ұйымдастырушы мен үйлестіруші практик мамандар үшін де қажет деп санадық.

Сөздік-оқулық екітілді терминологиялық сөздік, түсіндірмелі терминологиялық сөздік, терминологиялық анықтамалық және оқу құралының қызметтерін қоса атқара алатын мейлінше әмбебап құрал дайындау идеясынан туындаған еңбек. Сондықтан оны терминтанушы, терминші мамандар мен қатар терминология мәселелері қызықтыратын көпшілік қауым қажетіне жарата алады.

I. Терминтану

Қазіргі кезеңде терминтанудың (терминологияның) ғылымдар жүйесіндегі орны туралы ғалымдардың пікірі бір арнаға тоғыса бермейді. Оларды үшке жіктеуге болады:

1. терминтану – лексикологияның бір тармағы.
2. терминтану – дербес лингвистикалық пән.
3. терминтану – өзіндік зерттеу пәні, әдістері қалыптасқан жеке ғылым саласы.

Бізге соңғы кезеңге дейін «терминтану – лексикологияның бір тармағы» деген пікір ғана болды. Терминология мәселелері жан-жақты зерттелген елдерде терминтану – жеке ғылыми пән деген пікір кеңірек қолдауға ие болып отыр.

Теориялық терминтану (*теоретическое терминоведение*) – жекелеген терминдер мен олардың жиынтығының мазмұндық, тұлғалық және функционалдық құрылымын зерттейтін терминтанудың саласы.

Қолданбалы терминтану (*прикладное терминоведение*) – теориялық терминтану қағидағтарының түрлі бағыттағы терминологиялық жұмыстарды жүргізуде пайдаланылуын қарастырады.

Практикалық терминтану (*практическое терминоведение*) – терминологиялық қызмет нәтижелерін алу мен оларды пайдалану мәселелерін қарастыратын терминтанудың саласы.

Терминтанушылық мәтін теориясы (*терминоведческое теория текста*) – терминтану мен жеке мәтін теориясының тоғысқан тұсында пайда болған, құрамында терминдер кездесетін мәтіндер типологиясын және мәтіндердегі терминдер қолданысының түрлі аспектілерін (мәтінді терминологиялық талдау мен терминді мәтін арқылы талдау) қарастыратын теория.

Жалпы терминтану (*общее терминоведение*) – арнаулы лексиканың барынша жалпы қасиеттері, түрлі мәселелері мен онда болып жататын процестерді зерттейді.

Жеке терминтану (*частное терминоведение*) – терминтанудың белгілі бір ұлт тіліндегі жекелеген салалардың арнаулы лексикасы мен ұғымдарын зерттейді.

Типологиялық терминтану (*типологическое терминоведение*) – терминологияның жалпы қасиеттері мен әр сала терминологиясының өзіндік сипатынан туындайтын ерекшеліктерін айқындау үшін жекелеген сала терминологияларын салыстыра зерттейтін терминтанудың бір тармағы.

Салғастырмалы терминтану (*сопоставительное терминоведение*) – әртүрлі тілдердің арнаулы лексикасының жалпы қасиеттері мен айырмашылықтарын салыстыра зерттейді.

Семасиологиялық терминтану (*семасиологическое терминоведение*) – арнаулы лексемалардың мағынасын (семантикасын), мағынаның өзгері мен көпмағыналылық, омонимия, синонимия, антонимия, сияқты түрлі семантикалық құбылыстарға қатысты мәселелерді зерттейді.

Ономасиологиялық терминтану (*ономасиологическое терминоведение*) – арнаулы лексемалардың құрылымдық формаларын, арнаулы ұғымдарға ат беру процестері мен атаулардың тиімді формасын таңдауды зерттейді.

Тарихи терминтану (*историческое терминоведение*) – терминологияның жасалу және даму үрдісін анықтай отырып, соның негізінде оны ретке келтіруге арналған дұрыс ұсыныстар беру үшін зерттейтін терминтанудың бір саласы.

Функциональды терминтану (*функциональное терминоведение*) – терминдердің әр түрлі мәтіндер мен кәсіби қарым-қатынас жағдаяттарындағы, мамандар даярлаудағы қазіргі кезеңдегі қызметін, сондай-ақ терминдердің сөйлеу процесі мен компьютерлік жүйелерде пайдаланылу ерекшеліктерін қарастырады.

Гносеологиялық (когнитивтік) терминтану (*гносеологическое терминоведение*) – ғылыми таным мен ойлау процесіндегі терминдердің ролін зерттейді.

Контрастивті терминтану (*контрастивное терминоведение*) – тілдер арасындағы өзара сәйкестікті, қатынасты терминологиялық лексикамен байланыста зерттейді.

Терминтану тарихы (*история терминоведения*) – терминология туралы ғылымның даму, қалыптасу тарихын зерттейді.

Терминтанудың (немесе терминологияның) кейбір салалары бірқатар елдерде едәуір терең зерттелгендігімен, жақсы дамығандығымен ерекшеленеді. Олардың қатарына *неонимия*, *терминография*, *терминжасам*, *терминологиялық дериватология* сияқты салаларды жатқызуға болады.

Терминография (*терминография*) – арнаулы сөздіктер түзудің жалпы әдіснамасы мен нақты тәсілдерін жасауды, терминологиялық сөздіктерді түріне қарай топтастыру мен жіктеудің қағидаттарын жасауды, жекелеген типтегі сөздіктерге арнаулы лексиканы таңдап алу мен оларды сөздікте берудің, сипаттаудың, мағынасын түсіндірудің ғылыми негізделген қағидаттарын жасауды қарастыратын терминтанудың саласы.

Терминографияны терминтанудың жеке бір саласы ретінде қарастырушы ғалымдар оны іштей бірнеше тармаққа жіктейді. Мысалы, терминографияның методологиялық, теориялық мәселелерін қарастыратын саласын – **жалпы терминография** (*общая терминография*), екі тілді терминологиялық сөздіктер жасаудың ғылыми-практикалық мәселелерін қарастыратын саласын – **екітілді терминография** (*двуязычная терминография*), көптілді (үш немесе одан көп тіл) терминологиялық сөздіктер жасаудың ғылыми-практикалық мәселелерін қарастыратын саласын – **көптілді терминография** (*многоязычная терминография*), ал бір ғана арнаулы саланың терминологиялық сөздіктерін жасау мәселелерін қарастыратын саласын – **салалық терминография** (*отраслевая терминография*) деп атаушы ғалымдар бар.

«Терминография» терминін 1971 жылы А.Д.Хаютин ұсынған болатын. Қазір бұрын қолданыста болған «терминологиялық лексикография» (*терминологическая лексикография*), «ғылыми-техникалық лексикография» (*научно-техническая лексикография*) терминдерін «терминография» термині толық алмастырды деуге болады. Соңғы жылдары Ресей терминтанушылар мектептері өкілдерінің барлығы дерлік «терминография» терминін бірізді қолданып жүр. Ал бізде бұл термин кейінгі 5-6 жыл көлемінде ғана қолданыс таба бастады.

Бізде терминологияны негізінен семасиологиялық терминтану, тарихи терминтану, салғастырмалы терминтану, қолданбалы терминтану тұрғысынан зерттеу біршама қолға

алына бастады. Жарық көрген ғылыми еңбектердің терминология мәселелерін осы аспектілерде қарастырғанын айту керек. Терминография саласын зерттеуге арналған Е.Әбдірәсіловтің «Қазақ терминографиясының жүйесі» (2005) атты алғашқы монографиялық еңбегі жарық көрді. Ал терминтанудың қалған аспектілері тұрғысынан жүргізілуге тиісті зерттеулер әлі өз кезегін күтіп тұр деуге болады.

Неонимия (*неонимия*) – жаңа терминдердің пайда болуының себептерін, семантикасын, т.б. зерттейтін неологияның бір тармағы.

«Неонимия» терминтанудың ішкі бір тармағы ретінде Канадада жақсы дамыған. Канадалық ғалым Рондо «неонимия – жаңа терминдердің пайда болуы туралы ғылым» деп таниды.

Терминжасам (*терминообразования*) – термин жасаудың тәсілдерін, оның ұлт тілінің сөзжасам тәсілдерінен өзіндік ерекшеліктері мен ортақ жақтарын ескере отырып қарастыратын терминтанудың саласы.

Терминологиялық дериватология (*терминологическая дериватология*) – түбір терминдерден жаңа терминдердің жасалу үлгілерін, заңдылықтарын мен тәсілдерін зерттейді.

II. Термин

Термин – ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғым атауы болып табылатын арнайы қолданыстағы дефинициясы (ғылыми анықтамасы) бар сөз немесе сөз тіркесі.

Терминтанушылық анықтама:

Термин – терминологиялық жүйенің элементі.

Арнаулы мақсаттар тілі теориясы тұрғысынан берілген анықтама:

Термин – адам қызметі мен білімнің арнаулы салаларының жалпы, нақты немесе абстракті ұғымдарын белгілейтін белгілі бір арнаулы мақсаттар тілінің лексикалық бірлігі.

Термин анықтамасы (*дефиниция термина*) – ұғымның тиісті ұғымдар жүйесіндегі орнын, қалпын көрсететін, сөз арқылы берілген сипаттамасы.

Терминнің анықтамасы – ұғымды анықтау процесінің нәтижесі. Онда ұғымның өзге іргелес ұғымдардан өзіндік ерекшелігі, басты белгілері көрініс табады. Термин өзінің анықтамасына тең болады, ал оның анықтамасы ұғым мазмұнына сәйкес келіп, оның негізгі белгілерін қамтиды.

Термин ұғым атауы болса, терминнің дефинициясы деген – сол ұғым атауына берілген дәл ғылыми анықтама. Термин сөздің мағынасы оның дефинициясы арқылы анықталады.

Термин-сөз (*термин-слово*) – бұл ұғымның атауы, сөз арқылы белгіленуі. Термин-сөз белгілі бір терминологиялық өріске қызмет ететін лексикалық жүйенің мүшесі.

Термин-ұғым (*термин-понятие*) – белгілі бір ғылыми түсінік (концепт). Термин-ұғым арнаулы салалар ұғымдар жүйесінің мүшесі, оның сол жүйедегі нақты орны бар.

Термин авторы (*автор термина*) – терминді алғаш жасап, қолданысқа енгізуші.

II. 1. «Термин» ұғымының атауы туралы

“Термин” атауының өзі әр кезеңде ұлт тіліне түрліше аударылып, оның бірнеше балама нұсқасы ұсынылды. О баста қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынұлы кезеңінде «пән сөз» деп аталды. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары жарық көрген алаш оқығандарының еңбектерінде, сол жылдардың мерзімді басылымдарында осы термин жиі қолданыла бастаған еді. Ахаң да «пән сөзі» деп қолданған. Елдес Омарұлы, Нәзір Төрекұлұлы, Халел Досмұхамедұлдарының еңбектерінде де осы атау пайдаланылды. Е.Омарұлы 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде жасаған баяндамасы «Қазақша пән сөздер» деп аталса, А.Байтұрсынұлы 1926 жылы Бакуде өткен бүкілодақтық конференцияда жасаған баяндамасында «пән сөз» терминін қолданған. Білім ордасы бекіткен терминдер сөздігі 1927 жылы Н.Қаратышқанұлының құрастыруымен “Пән сөздері” деген атпен жарық көрді. Бұл атау сол қалпымен бірізді қолданыла бергенде қазіргі күнге дейін қалыптасып, төл терминдеріміздің бірі болып та кеткен болар еді. Алайда отызыншы жылдардың бас кезінен бастап терминологияны халықаралықтандыру, орыс тілінің терминологиясын үлгі етіп алу бағытына бет бұрғандықтан, “пән сөзді” – “термин” атауы алмастырды. Дәлірек айтқанда, ұлттық терминкорды қалыптастыруда Ахаңдар ұстанған бағыттан өзге жолды таңдап, сол жолдың прогресшілдігіне сенген қазақ совет оқығандары, терминология тізгінін ұстаған ғалымдар, мамандар алмастырды. Отызыншы жылдардан бастап тоқсаныншы жылдарға дейін «термин» сөзі барлық әдебиеттерде баламасыз бірізді қолданылып келді. Елдегі орныққан тілдік жағдаят пен терминологияны дамытуда ұстанған қағидаттарымызға сәйкес отызыншы жылдардан кейін оны ұлт тіліне аударуды, оған қазақша балама табуы ойлап көп

ешкім бас қатыра да қоймады. Уақыттың талабына бағыну, заман ағымынан шықпау – жаңаша жол іздеуді, қандайда бір өзгеріс жасауға талпынуды қажет етпейтіні белгілі. Сол себепті бұл сөз “термин” сөзі аталған кезеңде (1930-1990 жылдар аралығы) білім алған екі-үш ұрпақтың құлағына құйылып, санасына сіңіп, үйреншікті атауымызға айналды десек те болады.

Отызыншы жылдары «пән сөз» терминінің «пән атаулары» деген нұскасын қолданған жекелеген зиялылар да болды. Мысалы, Әлкей Марғұлан 1930 жылғы «Еңбекші қазақ» газетінің наурыз, сәуір айларында жарық көрген бірнеше санында (№60, 64, 72, 73, 75, 82, 87) «Осы пән атаулары дұрыс па?» деген атпен жұртшылық талқысына көптеген терминдерді ұсынды. Бірақ бұл атау жаппай қолданыла қоймады. Сондай-ақ сол жылдары «пән атаулары» терминінің пәнге қатысын көрсетпей-ақ «атау» түрінде қолдану да болды. Мысалы, 1931 жылы Халық ағарту комиссариаты білім кеңесінің терминология комиссиясы бекіткен терминдерін «Атаулар сөздігі» деген атпен шығарды. Осыдан былайғы уақытта, яғни 30-жылдардың басынан бастап «термин» сөзі жаппай қолданысқа көше бастады. “Совет халқына” ортақ терминологиялық қорды қалыптастыру бағыты белгіленгендіктен, бізде ғана емес өзге ұлттық республикаларда да бұл атау біркелкі қолданыла бастады. Сонау 20-30-жылдардан кейін «термин» сөзіне қазақша балама табу, оны қазақтың төл сөзімен атау мәселесі араға 60-70 жыл салып барып, тек 90-жылдары ғана қайта сөз бола бастады. Кеңес одағын құраған ұлттық республикалар тәуелсіздіктерін жариялап, тілдері мемлекеттік тіл мәртебесін алуына байланысты сол кеңес дәуірінде қалыптасқан терминқорға да жаңаша қарау көрініс берді. Дәл осы соңғы он-он бес жыл көлемінде «термин» атауына байланысты түрлі ұсыныстар айтылды. Ұсыныс білдірушілердің арасында отызыншы жылдарға дейін қолданыста болған «пәнсөз» немесе «атау» терминін қайта жаңғыртып қолдануды ұсынушылар да, «термин» атауын қалдырған дұрыс деушілер де, «аталым», «атаусөз», «ұғымсөз» сынды жаңа баламалар жасап ұсынғандар да болды. Сондай-ақ сөз болып отырған атауды 30-жылдары фонетикалық өзгеріске ұшыратып «термин» түрінде қолданғандар да болды, бүгін де осы нұсқаға тоқталғанымыз дұрыс деп санайтын мамандар бар.

Сонымен ғасырға жуық уақыт аралығында арнаулы лексиканың бірлігі болып табылатын бір ғана ұғым атын – **пән сөз, пән атаулары, атау, аталым, атаусөз, ұғымсөз, термин// термін//термен** түрінде тоғыз түрлі нұсқада атау жөнінде ұсыныс жасалып, олардың бірнешеуі әр кезеңде қолданыс

тапқан екен. Бұлардың арасынан нақты қолданыс тапқандары – **пән сөз** бен **термин**. Қалғандары жеке авторлар қолданысы мен кейбір басылым беттерінде ғана ұшырасқаны болмаса, жалпы қолданысқа көше алмады. Ал ұғым мазмұнын қамту жағынан да ретімен атар болсақ, пәнсөз, термин, атау сөздерін атауға болады. Бүгінгі біздің тілдік қолданысымыздағы «термин» сөзінің ұсынылған баламаларының қайсысына басымдық берген жөн дегенге келер болсақ, әзірге бұл жөнінде мамандар тарапынан бір тоқтамға келген ортақ шешімнің жоқ екендігін айту керек.

Жоғарыдағы көрсетілген нұсқалардың әрқайсына өз тарапымыздан қысқаша тоқталсақ, мынаны айтуға болады:

«**Пән сөз**» туралы. Термин «пән» және «сөз» деген екі сөздің тіркесуі арқылы жасалған. Ертеректе араб тілінен еніп, өз сөзімізге айналып кеткен “пән” (арабша – фән, орысша – предмет) сөзі «білімнің, ғылымның, өнердің жеке бір саласы» деген мағынаны білдіреді. Терминнің ғылым мен техниканың немесе өзге де арнаулы салалардың ұғымдарының атауы екені белгілі. Ендеше, ғасыр басында жасалған бұл сөз өзі білдіретін ұғымның негізгі белгілерін қамтыған. Терминнің белгілі бір пәнге тән, белгілі бір саланың сөзі екендігі оның басты ерекшелігі ретінде ұғым атауынан көрініс тапқан. Термин сәтті жасалған. Сондықтан да болса керек, жаңа жасалған атау екендігіне карамастан, бұл сөз жиырмасыншы жылдары зиялылар тарапынан қолдау тауып, жаппай қолданысқа көше бастаған еді. Бұл атаудың терминқорымыздан берік орын алмай, қолданыстан шеттетілуі оның сәтсіз жасалғандығынан емес, терминологияны халықаралықтандыру бағытының басталып кеткендігінен болды. Әрине, екі сөзді біріктіріп «пәнсөз» түрінде жазғанда атаудың ықшамдылығы артып, қолданылу, сөз тудыру мүмкіндігі арта түсер еді деп ойлаймыз.

«**Атау**» туралы. «Атау» жаңа сөз емес, тілімізде бұрыннан қолданылады. Терминнің де атау екені рас. Оған таласудың еш реті жоқ. Бірақ «атау» сөзі өте кең ұғымды білдіреді. Атау тек термин сөзді емес, атауыштық қызмет атқаратын өзге сөздер түрлерін де қамтиды. Сондықтан да оларды іштей бір-бірінен ажырату үшін «термин» атауы пайдаланылады. Сонау жиырмасыншы ғасырдың басында-ақ Ахаң бастаған алаш зиялылары «атау» сөзі тұрғанда, «пән сөз» атауын бекерден-бекер ойлап тапқан жоқ. Олар ұғымдар арасын ажырату қажеттігін сол кезде-ақ жақсы түсінген. Мысалы, тілімізде мал атаулары, өсімдік атаулары, жер-су, елді мекен атаулары, аң-құс, жануарлар атаулары, балық атаулары, газет-журнал атаулары

сияқты т.б. атаулар көп. Олардың бірі жалпы есімдер болса, екіншілері – жалқы есім сөздер. Бұлардың барлығы да атау сөздер. Осы секілді атау сөздердің бәрін терминдер қатарына қоса алмасымыз белгілі. Сондай-ақ терминге бір табан жақын *намен* деп аталып жүрген сөздер де бар. Олар да атау сөздер қатарына кіреді. Термин атау деген жалпы ұғымның ішіне кіргенмен, оның өзге атау сөздерден өзіндік ерекшеліктері бар екендігі сөзсіз. Сол себептен де терминді – атау, терминтануды (терминологияны) – атаутану деп атайық деген ұсыныс туралы ойланғанда мәселенің осы қырын ескерген жөн болар деп білеміз. Біздіңше, тіліміздегі «атау» сөзі орыс тіліндегі – *название, наименование* сөзінің, ал «атаутану» – *номинация* ұғымдарына дәлірек сәйкес келеді. Сондай-ақ **атаутану** тек терминдерді ғана емес, бүкіл атау сөздерді зерттейтін ғылым саласы деген ұғымды қамтып тұр.

«**Пән атаулары**» туралы. Бұл «пән сөз» терминінің үлгісімен жасалған. Алайда форма сәйкестігі болғанмен мұнда мағына дәлдігі, ұғым мазмұнын қамту жетісіңкірей бермейді. Олай дейтініміз бұл атау терминнің баламасы емес, ғылым, техника, білім салаларының, яғни пәннің өзінің атауы деген ұғымды білдіріп тұр. Мысалы, өсімдіктану, тәнтану, табиғаттану, тілтану, әдебиеттану, елтану немесе физика, химия десек, пәннің, ғылым салаларының атаулары болады. Сондай-ақ мұнда атау сөзден гөрі сипаттау басым, шұбалаңқылығы және бар.

«**Аталым**» туралы. Бұл балама 90-жылдардан кейін ұсынылған жаңа сөз. Ол осы кезеңде -м, -ым/-ім жұрнағының көмегімен туындаған *айтылым, жазылым, тыңдалым, естілім* сияқты тіл білімі терминдерінің үлгісімен жасалған. Алғашқы ұсынылған кезде жекелеген авторлар тарапынан қолданылғанмен, қазір өте сирек аталып, ұмытыла бастады. Бұл үлгімен жасалған бірқатар терминдер қазір қолданылып жүр. Термин шығармашылығында бір нәрсені ескерген дұрыс. Ол – негізгі, тірек терминдердің мейлінше қысқа болуын ескеру. Сонда солардың негізінде сөз тудыру, ұялас терминдер жасау, жаңа атаулар өрбіту мүмкіндігі сақталады. Тірек терминдер қай саланың да басты, негізгі ұғымдарын білдіретіндіктен, олардан туындайтын, олармен байланысты болатын тектік, түрлік ұғым атаулары көп болатыны анық. Жалғамалы тіл үшін, сөз тудырушы жұрнақтар **сөз соңына** ғана жалғанатын біздің тіліміз үшін бұл маңызды мәселе. Мүмкіндігінше тірек терминнің бір немесе екі буынды болғаны жөн. Үш буыннан асқаннан кейін сөз ықшамдылығынан, сөз тудыру қабілетінен айрыла бастайтындығы байқалады. Сөз шығармашылығымен айналысушылар мұны ескермеуіне болмайды. Бұл тұрғыдан

келгенде *пәнсөз, атау, термин* сөздерінің мүмкіндіктері бірдей. Айталық *пәнсөзтану, атаутану, терминтану* сынды атаулардың *аталымтану, атаусөзтану, ұғымсөзтану* терминдеріне қарағанда айтуға, жазуға, қолдануға қолайлы екендігі сөзсіз.

Қазір терминологияда шұбалаңқы, көп сыңарлы терминдер өте мол. Салалық терминологиялардың бірқатарында 60-70 пайызға дейін, жекелеген салаларда одан да жоғары мөлшерді құрап жатады. Ал шұбалаңқы терминдердің атау ретінде қолдануға қолайлы бола алмайтыны белгілі.

«**Атаусөз, ұғымсөз**» баламалары туралы. Бұл сөздерді ұсынған авторлардың өздерінен басқа көп ешкім қолдана қойған жоқ. Біздіңше, «атауды білдіретін, атау болатын сөз» деген мағынаны беретін «атаусөз» баламасының екі сөздің бірігуінен жасалған тұлғалық жаңалығы болмаса, тіліміздегі бұрыннан бар «атау» сөзінен мағыналық-семантикалық жағынан еш айырмасы жоқ. Дәлірек айтсақ, тілдегі терминнен өзге де атауыштық қызмет атқаратын сөздердің барлығы да «атаусөз» бола алады. Яғни бұл атау терминнің өзіне ғана тән басты ерекшелігін білдіріп тұр дей алмаймыз. «Ұғымсөз» де осы үлгімен жасалған. «Ұғымды білдіретін сөз» деген бұл атаудың мағынасы терминге сәйкес келе алмайды. Терминнің заттық немесе абстракты ұғымдарды білдіретіні рас. Бірақ термин емес, өзге сөздер де ғылыми, техникалық болмаса да қарапайым ұғымдарды білдіре алады. Екінші сыңары «сөз» де мағыналық тұрғыдан үйлесіп тұрған жоқ, бұл жерде оның орнына «ат», «атау» сөздері әлдеқайда дәл келер еді. Қысқасы, бұл екі атауды да сәтті баламалар қатарына қоса алмаймыз.

«**Термин**» атауы туралы. Бұл атаудың латын тілінде «шек», «шекара» деген мағынаны білдіретіні белгілі. Біздің тілімізде орыс тіліндегі таңбалануына сәйкес XIX ғасырда жарық көрген кейбір еңбектер мен басылымдарда кездесе бастаса, XX ғасырдың басында жұртшылыққа біршама жақсы таныс болды. Жиырмамыншы жылдары ұлт тілінде жасалған баламасына жарыспалы нұсқа ретінде сиректеу қолданылып жүрсе, 30-жылдардан бастап «термин» сөзі жаппай қолданылатын, тұрақтаған атауға айналды. 90-жылдарға дейін алпыс жылдай уақыт бұл терминді ұлттық баламамен алмастыру туралы әңгіме қозғалған емес. Тек қоғам өмірінде елеулі өзгерістер болған сол 90-жылдардан бастап қана оны өз тілімізде бұрыннан бар сөзбен немесе жаңа жасалған баламамен алмастыру мәселесі көтеріле бастады. Тілімізде қазір *фонетика, фонема, лексика, лексема, морфология, морфема, синтаксис, фразеология*

сияқты ондаған өзге тілдерден қабылданған тіл білімі терминдері өзгеріссіз қолданылып жүргенде неге солардың ішінен «термин» атауына ерекше көңіл аударылып отыр? Оның себебін мына мәселелермен байланысты деп түсінген жөн. Біріншіден, орыс тілін үлгі ете отырып жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру бағытына деген көзқарас өзгеріп, ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамыту мәселесінің күн тәртібіне қойылып отыруы көпшілік санасына жалпы әсер етті. Екіншіден, бұл сұрақтың туындауына негізінен терминнің тілшілердің қолданысымен, бір ғана лингвистиканың шеңберімен шектелмей, бүкіл сала мамандарының, көпшілік қауымның назарын аудартып отырған өзекті мәселе ретінде көрініс беруі басты себеп болды. Жалпы термин, терминология мәселелерінің қоғам назарын айрықша аудартып, қалың қауымның әңгіме арқауына айналып отыруына байланысты ұғым атауының өзі де жұртшылық талқысына түсті. Әйтпесе, бұл атау да алпыс жылдан астам тілдік қолданысымызда болып келген өзге де кірме сөздер сияқты лингвистикалық әдебиеттерде өзгеріссіз қолданыла берген болар еді немесе тіл мамандарының өз арасында ғана талқыланар еді.

«Термин» атауын өзгертуді ұсынушылардың оған тағатын негізгі «міні» оның кірме сөз екендігі. Біз ұлт тіліндегі термин шығармашылығын толық қолдаймыз. Ұлттық терминқорымызды қалыптастыруда қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша тиімді пайдалану қағидатын бірінші орынға қою қажет деп санаймыз. Алайда тіліміздегі кірме сөздердің бәрін төл сөзімізбен алмастыру және алдағы уақытта шет тілдерінен сөз қабылдамау мүмкін емес екендігін түсінуге тиіспіз. Сондықтан да «термин» сөзінің қолданыла бергені жөн. Ал «термін» түрінде тіліміздің дыбыстық жүйесіне икемдеп алайық деген ұсыныспен келісуге негіз бар. 20-30 жылдар аралығында жарық көрген кейбір басылымдарда «термін» түрінде қолданылған да болатын. Сол жылдары жарық көрген кейбір газет мақалаларында «термен» нұсқасы да қолданылған болатын. Араб тілінен еніп тілімізге әбден сіңісті болып кеткен аумин («айтқаныңыз келсін, тілек қабыл болсын» деген мағынада қолданылатын) сияқты бірілі-жарым сөз болмаса бұл үлгімен жасалған сөздердің лексикалық қорымызда аз ұшырасатыны рас. Соңғы кезде *релис, тәбіл, режім, кәбіл* сияқты терминдерді ресми бекіте бастағанымыз белгілі.

Сонымен қорыта айтқанда, «термин» (немесе «термін») сөзінің терминқорымызда қала беруіне мынадай себептер бар:

Біріншіден, «термин» тілімізде сексен жылдай уақыт қолданылып, миллиондардың санасына сіңіп, көзі үйреніп, құлағы тосырқамайтын жағдайға жеткен сөз. Бұл – психолингвистикалық фактор. Мұнымен санаспауға болмайды.

Екіншіден, бұл «термин» атауын халық жаппай қолданып келді. Соңғы үш ұрпақ қай әлеуметтік топқа жататындығына карамастан, білім беру жүйесі, БАҚ құралдары арқылы осы сөзді тілдік норма ретінде қабылдады. Бұл – әлеуметтік лингвистикалық фактор. Онымен де санасуға тура келеді.

Үшіншіден, бұл атау терминтану саласының тірек термині болып табылады. Терминологияны зерттейтін ғылымның атынан бастап, ондаған, жүздеген терминдер осы атаудан туындаған немесе онымен тіркесу арқылы жасалған. Мысалы, *терминтану, терминология, терминография, терминжасам, терминжүйе, термин шығармашылығы, терминологиялық лексика, терминоид, терминбөлшек* сияқты көптеген терминдерді өзгеріске ұшыратып, бүкіл саланың атауларын алмастыру оңай жүзеге асатын іс емес.

Төртіншіден, жоғарыда ұсынылған баламалардың барлығы дерлік терминге қойылатын талаптарға сай жасалып, ұғым мазмұнын дәл камтып тұрған сәтті атаулар деп айта алмаймыз. «Пәнсөз» бен «атау» сөздерінен өзгелері ұғым мазмұнын қамту жағынан да, атау сөзге тән қасиеттері жағынан да сәтті жасалған сөздер қатарына қосылып тұрған жоқ. Ол баламалар жөнінде жоғарыда қысқаша тоқталдық және осы соңғы аталып көрсетілген факторлар да бар.

II. 2. Терминнің негізгі қасиеттері

Ұғым атауы болуы (*названия понятий*) – терминнің белгілі бір арнаулы сала ұғымының (абстракты, заттық) атауы ретінде сол саланың тілінде ұғымның негізгі белгілерін білдіруі.

Ғылыми анықтамасының болуы (*дефинированность*) – өзі белгілейтін ұғымның басты белгілерін қамтитын дәл ғылыми анықтамасының болуы.

Термин өзінің анықтамасына (дефинициясына) тең болады да, ал анықтама ұғым көлеміне сәйкес келіп, оның негізгі мазмұнын береді.

Салаға тәндігі (*отраслевая отнесенность термина*) – белгілі бір терминологияның мүшесі, сол арнаулы сала ұғымының атауы болуы.

Біздіңше, терминнің бұл белгісінің *жалтығылымдық, салааралық* терминдерге қаншалықты қатысты екендігі арнайы қарастыруды қажет етеді.

Мағына дәлдігі (*точность значения*) – термин мағынасы шекарасының анық, айқын болуы. Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі.

Біз термин мағынасының дәлдігі туралы сөз қозғағанда бұл талапты оның дефинициясының дәл берілуіне қатысты қойған дұрыс деп пайымдаймыз. Бұл талапты «терминнің толықмағыналылығы» деп атайтын ғалымдар да бар. Олар «термин мағынасында ол белгілейтін ұғымды дәл беретін ең басты, мейлінше аз белгілерінің қамтылуы» оның толық мағыналылығы деп түсінеді.

Терминнің бұл белгісін «мазмұн дәлдігі» (*содержательная точность*) деп атап жүрген ғалымдар да бар. Сондай-ақ кейбір ғалымдар *мағына дәлдігін* терминнің белгісі емес, ол *терминге қойылатын талап* деп біледі.

Контекстке тәуелсіздігі (*независимость от контекста*) – терминнің контекстен тыс тұрып та өзі атау болған арнаулы ұғым жөнінде мәлімет беретіндігі. Басқаша айтқанда, термин мағынасының контекст көмегінен де түсінікті болатындығы.

Өзге лексикалық қабаттарды құрайтын сөздермен салыстырғанда айрықша байқалатын терминнің бұл қасиеті әдетте оның ұғым атауы болатындығымен, бірмағыналылығымен байланысты түсіндіріледі.

Стильдік бейтараптылығы (*стилистическая нейтральность*) – терминмен белгіленетін ұғым мазмұнының объективтілігіне байланысты көп жағдайда оның қандай да бір қосымша ассоциация, стильдік реңк туғызбайтын қасиеті.

Терминологиялық әдебиеттерде терминнің бұл белгісін «терминнің эмоционалдық бейтараптылығы», «терминнің экспрессивтік бейтараптылығы», «терминнің эмоционалдық-экспрессивтік бейтараптылығы», «терминнің модалдық бейтараптылығы» деп атау да кездеседі.

Арнайы жасалатындығы (*целонаправленный характер появления*) – терминнің көп жағдайда ғылыми-техникалық және басқа да арнаулы салалардың ұғымдарының атауы ретінде мақсатты түрде жасалу қасиеті. Терминнің бұл белгісін бүкіл терминологиялық лексикаға тән белгі деп тану қиын болғанымен, көптеген терминтанушы ғалымдар терминнің негізгі қасиеттерінің бірі деп таныды.

Дайын қалпында қолданылуы (*воспроизводимость в речи*) – құрамында бірнеше сөз болатындығына қарамастан терминологиялық сөз тіркестердің синтаксистік бірлігін сақтай отырып, тұрақты қалпында, семантикалық тұтастықта жұмсалуды.

Атауыш сөз болуы (*номинативный характер*) – терминнің атау сөз болып, қандай да бір ұғымды белгілеуі.

Жалпы әдеби тілдегі сөздер қарапайым ұғымдардың атауы болса, термин сөздер адам қызметінің түрлі салаларына қатысты арнаулы ұғымдардың, ғылыми және ғылыми-техникалық ұғымдардың атаулары болады.

Терминологиялық тіркестердің семантикалық тұтастығы (*семантическая цельность терминологических словосочетаний*) – құрамында бірнеше сыңары бар күрделі терминдердің бөлшектенбей, мағына тұтастығын сақтау қасиеті.

Терминнің бұл ерекшелігін көрсетуде «аталым тұтастығы» (*цельность номинации*), «құранды терминдердің бөлшектенбеуі» (*неделимость составных терминов*) терминдерін қолданатын да ғалымдар бар.

Терминнің келісімділігі (*конвенциональность термина*) – терминнің терминтанушылар мен сала мамандарының келісімі негізінде, мақсатты түрде жасалатындығы. Осы ерекшелігіне байланысты кейбір ғалымдар терминнің бұл сипатын «терминнің шарттылығы» (*условность термина*) және «терминнің жасалатындығы» (*создаваемость термина*) деп те атайды.

Терминдердің елеулі бөлігі қажетіне қарай ойлап табылатындығы, келісім негізінде жасалатындығы рас. Алайда, көптеген терминдер ұлттың тұрмыс-тіршілігіне, ата кәсібіне байланысты ертеден қалыптасқан байырғы сөздер болады. Олар ұлт тілінде бұрын бар, тарихи қалыптасқан атаулар болғандықтан, оларды мамандар келісіп жасады деу қиын. Сондықтан терминнің бұл сипатын бүкіл терминдерге тән деп қараудың негізі берік дей алмаймыз.

II. 3. Термин мағынасы

Термин мағынасы (*значение термина*) – терминнің ғылыми анықтамасында (дефинициясы) қамтылған, өзі атау болған ұғым жөнінде арнаулы ақпарат беретін мағынасы.

Бұл терминнің «*терминнің мазмұн межесі*» (*план содержания термина*), «*термин семантикасы*» (*семантика термина*), «*терминнің мәні*» немесе «*терминнің мәндік мағынасы*» (*смысловое значение термина*) сияқты ғалымдар тарапынан жарыса қолданылып жүрген нұсқалары да бар.

Термин мағынасының кеңеюі (*расширение значения термина*) – термин мағынасының ауқымы мейлінше кеңейіп, бұрынғы ұғым орнына сол ұғым да кіретін тектік ұғымды немесе жалпы ұғымды білдіруі.

Термин мағынасының тарылуы (*сужение значения термина*) – термин мағынасының мейлінше нақтыланып, бұрынғы кең ұғым орнына оның бір түрін (түрлік ұғымды) немесе соның бір бөлігін білдіруі. «Терминнің арнайылануы» деген терминді қолданған да ғалымдар болған.

Анық мағыналы термин (*дефинитивный термин*) – терминнің тұлғасы атау болған ұғымның мазмұнын жеткілікті дәрежеде ашып тұратындықтан, оның анықтамасынан сол мазмұнды құрайтын бірқатар белгілері көрініс табуы қажет болмайтын термин.

Тең мағыналы терминдер (*равнозначные термины*) – бір ұғымның атауы ретінде пайдаланылатын мағыналары бірдей (немесе дәл сондай) терминдер.

Терминнің бірмағыналылығы (*однозначность термина*) – терминнің бір ғана ұғымның атауы болып, бір ғана мағынаны білдіруі.

Көптеген терминтанушы ғалымдар терминнің бірмағыналылығы белгілі бір арнаулы сала шеңберінде ғана сақталуы мүмкін деген пікірді қолдайды.

Терминнің абсолютті бір мағыналылығы (*абсолютная однозначность термина*) – терминнің белгілі бір ұлт тілінің шеңберінде бір ғана мағынаны білдіруі.

Терминнің салыстырмалы бірмағыналылығы (*относительная однозначность термина*) – терминнің белгілі бір сала терминологиясының шеңберінде немесе туыстас пәндер терминологиясында бір ғана мағынаны білдіруі.

Терминнің көпмағыналылығы (*многозначность термина*) – бір терминнің бірнеше мағынаны білдіруі.

Терминологияда термин бір ғана мағынаны білдіріп, «бір сөз – бір ұғымды білдіруі керек» деген талап болғанымен, көпмағыналылық кездесіп тұратын құбылыс. Соған сәйкес жалпы тілдегі сияқты терминологияға да көпмағыналылық тән деген пікірді ұстанатын ғалымдар да бар.

Авторлық көпмағыналылық (*авторская многозначность термина*) – жеке авторлардың өзі жасаған терминдерін қолдануы.

Қазақ терминологиясының тәуелсіздік тұсындағы дамуы кезеңінде авторлық көпмағыналылық айрықша көрініс берді. Мысалы, бір ғана экономика термині әр түрлі авторлар жасаған

терминологиялық сөздіктерде – *демеуші, мияткер, жебеуші, қолдаушы, спонсор* түрінде қолданыс тапса, сол сияқты биология термині – *жасуша, торша, торкөз, клетка, ұлпа* түрінде қолданылды. Мұндай көпмағыналылық әр салада орын алды.

Терминнің жасырын көпмағыналылығы (*скрытая многозначность термина*) – әр түрлі тілдердегі терминдерді салыстыру барысында анықталатын көпмағыналылық.

Термин түсініктілігі (*понятность термина*) – терминнің тілді тұтынушылар тарапынан қиындықсыз қабылдануы, жалпыға ұғынықтылығы. Бұл терминді «термин мағынасының тұнықтығы» (*прозрачность значения термина*) деп атайтын ғалымдар бар.

Терминнің уәжділігі (*мотивированность термина*) – термин мағынасының ұғынықты, семантикасының айқындығы, ал тұлғалық тұрғыдан өзі белгілейтін ұғымы жөнінде анық мәлімет беруі.

Термин уәжінің дәлдігі (*точность мотивированности термина*) – терминнің белгілейтін ұғымы мен уәжінің дәл сәйкес келуі, жалған уәждің болмауы.

Жартылай уәжді термин (*частично мотивированный термин*) – термин сөздің мағынасы мен терминді құраушы сыңарлардың жекелеген бөліктерінің ғана мағынасы түсіндірілетін термин.

Толық уәжді термин (*полностью мотивированный термин*) терминді құраушы бөліктер мен құрамы арқылы термин мағынасын толық түсіндіруге болатын термин.

Жалған уәжді термин (*ложномотивированный термин*) – белгілейтін ұғымы мен уәжі сәйкес келмейтін термин.

Дұрыс бағыттаушы термин (*правильноориентирующий термин*) – мағынасы ұғым мазмұнын дәл беретін, мағына қайшылығы болмайтын термин.

Терминнің мағыналық құрылымы (*состав значения термина*) – терминнің мағынасын құраушы сыңарлар жиынтығы.

Мағына ажыратушы белгі (*дифференциальный признак*) – іргелес ұғымдардан терминмен таңбалашушы ұғымның мағыналық айырмашылығын көрсететін белгі.

Тектік белгі (*родовой признак*) – термин арқылы таңбаланған ұғымның тегін ажырататын белгі.

Түрлік белгі (*видовой признак*) – термин арқылы таңбаланған ұғымның түрін, түрлік байланысын ажырататын белгі.

Елеулі белгі (*существенный признак*) – термин мағынасындағы ұғымның басты ерекшелігін көрсететін белгісі.

Елеусіз белгі (*несущественный признак*) – термин мағынасындағы ұғымның маңызды болып саналмайтын қасиетін көрсететін белгісі.

Сипаттаушы белгі (*характеристический признак*) – термин мағынасындағы таңбаланған нысандар тобының (класының) барлығына тән сипатын көрсететін елеулі белгі.

Жалған белгі (*ложный признак*) – термин мағынасынан орын алғанымен, ұғымның қандай да бір қасиетін білдірмейтін, басы артық белгі.

Терминнің арнайылануы (*специализированность термина*) – белгілі бір арнаулы сала ұғымының атауы ретінде термин мағынасының кәсіптік сөзге тән сипатқа ие болуы. Осы ерекшелігіне байланысты кейбір ғалымдар «термин мағынасының арнайылануы», «терминнің кәсіптік сипаты» деген терминдерді де қолданады.

Терминнің жалпылануы (*эврисемантизация термина*) – термин мағынасының кеңейіп, жалпы ғылыми терминге немесе терминбөлшекке айналуы.

II. 4. Термин түрлері

Байырғы термин (*исконный термин*) – белгілі бір тілде ертеден бар немесе сол тілдің терминологиясы қалыптаса бастаған алғашқы кезеңдерде жасалған термин.

Жаңа термин (*термин-неологизм*) – жаңа ұғымдардың атауы ретінде жасалып қолданысқа енген немесе бұрыннан бар ұғымның жаңа атауы ретінде ұсынылған термин.

Канадалық терминтанушы ғалымдар жаңадан жасалып, негізінен арнаулы салаларда қолданылып жүрген термин сөздерді «неоним» деп атап, ал жалпы тілдегі жаңа сөздерді «неологизм» деп атауды ұсынады. Олардың бұл ұсыныстары біртіндеп қолдау тауып, жаңа терминдерді «неоним» деп атаушылар қатары көбейіп келе жатқаны байқалады.

Көне термин (*термин-архаизм*) – ертеде болған ұғымды білдіргенмен, көп уақыт бұрын қолданыстан шығып, қазір мағынасы мүлде түсініксіз болып қалған термин.

Ескірген термин (*устаревший термин*) – кейіннен мейлінше сәтті әрі ұғымды дәл бейнелейтін атаулар жасалғандықтан,

қазіргі уақытта қолданыстан шеттеп қалған термин (көбінесе синоним термин).

Тарихи термин (*термин-историзм*) – тарихи ұғым атауы ретінде сақталғанымен, ол белгілейтін ұғымның өзі жойылғандықтан, қазір қолданылмайтын көнерген термин түрі.

Кірме термин (*заимствованный термин*) – өзге тілдерден тұтастай немесе жекелеген аспектілері (тұлғасы ғана, мазмұны ғана, құрылымы) алмасқан термин.

Өзге тілден алмасқан элементтерінің түрлеріне қарай (тұлғасы немесе жасалу үлгісі) олар *тұлғасы* (форма) *алмасқан* және *сөзжасамдық* немесе *синтаксистік құрылымы алмасқан* терминдер деп екіге бөлінеді.

Калька термин (*термин-калька*) – өзге тілден сөзжасамдық немесе синтаксистік құрылымымен алмасқан термин.

Калька термин – өзге тілдегі терминді оның құрылымын сақтай отырып, ұлт тіліне соған сәйкес келетін сөзбен, мофемамен дәл аудару арқылы жасалатын сөз термин немесе тіркесті термин.

Гибрид термин (*гибридный термин, гибридо-термин*) – бір бөлігі өзге тілден алмасқан, ал өзге бөлігі қабылдаушы тілге аударылған немесе байырғы сөз болып келетін терминдер. Мысалы, олардың қатарына *жартылай калька* (мысалы, **теле** (tele) + **көпір** (мость), **радио** + қондырғы) және бір бөлігі өзге тілден алынған, ал екінші бөлігі төл сөз болып келетін *жартылай кірме терминдер* жатады. Мұндайда түбір морфема да (мысалы, **демократия** + лан/дыр/у, **реформа** + шыл/дық) немесе қосымша морфема да (**фото** + сурет,т.б.) алмасуы мүмкін.

Диалект термин (*термин-диалект*) – жергілікті сөздерді терминдендіру тәсілі арқылы жасалған термин.

Мысалы, *құжат, ұжым, үрдіс, түнек* т.б. терминдер осы тәсілмен жасалған. Қазақ тілінде жергілікті сөздерді терминқор қалыптастыру көзі ретінде танып, оларды термин шығармашылығында пайдалана бастау кейінгі жылдары ғана байқалып отырған үрдіс.

Базалық термин (*базовый термин*) – белгілі бір терминологияның алғаш пайда болуы кезінде сол терминологияның жасалуына негіз болған терминологиядан немесе лексиканың бір саласынан алмастырылып алынған термин.